**plans.label.author**: Ахметова Шолпан Бурабаевна
**plans.label.category**: Жаратылыстану
**plans.label.class**: 2-сынып
**plans.label.section**: Жер және Ғарыш: Ғарыш
**plans.label.theme**: Жер мен күн

---

| | |
|---|---|
| Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу): | 2.4.1.1 - Жер мен Күн арасындағы байланысты, күннің пайдасы мен зияны туралы түсіндіру. |
| Сабақтың мақсаты: | Оқушылардың барлығы: Оқулықта берілген және қосымша тапсырмаларды орындайды. Тақырыпты меңгереді. Сұрақтарға жауап береді.<br>Оқушылардың басым бөлігі: Өз бетінше жұмыс жасайды. Сұраққа жауап береді. Қосымша үлестірме ресурстармен жұмыс жасайды.<br>Оқушылардың кейбіреуі: Оқулықтан тыс берілген қосымша тапсырмалады орындайды, тақырып бойынша қосымша мәліметтер мен дәлелдер келтіре алады. |
| Күтілетін нәтиже: | Жеке, жұптық тапсырмаларды орындай алады. Сабақ барысында тыңдаушының назарын өзіне аудара алады. |
| Құндылықтарды дарыту: | оқушыларды ынтымақтастыққа, жеке, жұптық жұмыстар арқылы бір-біріне қолдау көрсетуін дамыту. |
| Пәнаралық байланыс: | дүниетану |

## plans.stages

| plans.schedule.stages | plans.schedule.activity | plans.schedule.resources |
|---|---|---|
| Сабақтың басы (5мин) | Психологиялық ахуал қалыптастыру<br>Табиғатқа баламыз,<br>Табиғатты қорғайтын<br>Біз әдепті баламыз.<br>Жер байлығы көп екен,<br>Меңгеруді қалайды.<br>Осының бәрін меңгертер,<br>Жаратылыстану сабағы.<br>Балалар сабағымызды бастамас бұрын өткен сабақты қайталап алайық.<br>«Зымыран сұрақтары» үй жұмысын тексеру<br>• Табиғат ресурстары дегеніміз не?<br>• Табиғат ресурстары қандай топқа бөлінеді?<br>• Қандай табиғат ресурстарын біз күнделікті өмірде пайланамыз?<br>• Теңіз суы табиғат ресурсы болып табылама?<br>• Барлық ресурстардың көзі не?<br>• Табиғат ресурстарының көздерін атаңдар. | |

| plans.schedule.stages | plans.schedule.activity | plans.schedule.resources |
|---|---|---|
| Сабақтың ортасы (33мин) | «Сұрақ-жауап» әдісі<br>-Бұл не? -Жерден қалай орналасқан?<br>-Күн сәулесі қандай?<br>Сен түнгі аспанды көрдің бе?<br>Түнгі аспаннан нені байқауға болады?<br>Біздің ғаламшарымызға ең жақын орналасақан қай жұлдыз деп ойлайсың?<br>Күн бізге өте жақын орналасқан сарғыш жұлдыз. Ол газдан құралған өте ыстық шар тәрізді дене. Күннің жасы шамамен 4,5 млрд. жыл. Оныңсәулесі Жерге шамамен 8 минутта жетеді. Күн бізге жылу мен жарықбереді.<br><br>Видеожазба көрсету<br>"Кезбе тілші" оқушылар видеоматериал бойынша сұрақтар дайындап, бір-біріне қояды.<br>- Балалар көрген видеожазбамыз арқылы Дұрыс-дұрыс емес ойынын ойнайық.<br>- Балалар қолымызды көтеріп күн жайлы мәліметтің дұрыс-дұрыс емесін айтамыз.<br>Артығын алып тастау ойыны.<br>Зерттеу жұмысы<br>1.Топ басшысы Жәния<br>2.Топ басшысы Ернұр<br>3.Топ басшысы Адия<br>4.Топ басшысы Тайырхан<br>5.Топ басшысы Ерасыл<br>1 топ – дала мен бөлменің температурасын өлшеп, салыстырады<br>2 топ – күннің бөлме өсімдіктеріне пайдасы мен зиянын анықтайды.<br>3 топ – күн біздің ғаламшарымызға не беретінін анықтайды.<br>4 топ – күннің адам денсаулығына пайдасын анықтайды.<br>5 топ – күннің адам денсаулығына тигізетін зиянын анықтайды. Топтық бағалау: бірін бірі бағалайды.<br>Суретке қара.Оны сипатта. | htt ps://imektep.kz/kz/kun<br><br>https://imektep.kz/kz/game#true_false-1343<br>https://imektep.kz/kz/game#recycle_bin-980 |
| Сабақтың соңы (2мин) | -Бүгінгі сабақта қалай жұмыс істедің?<br>- Не қиын юолды? -<br>не білдің? Не үйрендің? | |